

## Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Алматы қ.

№190240003652/260045/00

2026-01-27

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Алиев Мейрамбек Манарбекович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын Аиша, талон негізінде әрекет ететін Басшысы Биримкулова Карлыгаш Токенқызы атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының негізінде, «Электронды дүкен» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 020-015-149 Өзге де қорларды сатып алу: елек, аспаз пышағы, картоп пюресі және т. б.;

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 3 111 688.00 (үш миллион жүз он бір мың алты жүз сексен сегіз тенге нөл тиын) ) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт 020 Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 149 Өзге де қорларды сатып алу ерекшелігі бойынша - 3 111 688.00 (үш миллион жүз он бір мың алты жүз сексен сегіз тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2026 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.



## 2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);
- 4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;
- 5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

## 3 Тараптардың міндеттемелері

### 3.1 Өнім беруші мыналарға:

- 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;
- 2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы құрайтын Шарттың сомасының 93 350.64 теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын, antidempt\_sum 93 350.64 (тоқсан үш мың үш жүз елу тенге алпыс төрт тиын) теңгені құрайды:  
әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;  
не:  
Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.  
не:  
Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.  
Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін; Осы тармақшаның талаптары қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды;
- 3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;
- 4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

- 5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

### 3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 584-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### 3.4 Тапсырыс беруші:



1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

#### **4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру**

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

#### **5 Тауарларды жеткізу және құжаттама**

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме)

сертификаты;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бұлнүі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

## **6 Кепілдік. Сапа**

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы хабарламаның веб-порталында осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

6.3 Егер сатып алынатын тауарды дайындаушы зауыт немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, жеткізілетін тауар үшін кепілдік кезеңі осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес айқындалады. Ауыстырылған немесе жөнделген тауардың кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауардың ақауларын жою, ауыстыру, оның ішінде кедендік тазартумен байланысты барлық шығындарды жеткізуші де көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюдың кешігуі жеткізушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

## **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайыздан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1

% мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылған жағдайда, Заңның 26-бабына сәйкес Өнім беруші енгізген соманы (бар болса) қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

## **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2026-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) Өнім беруші жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;

Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

2) Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда;

3) тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын өнім беруші таратылған не банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;

4) өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, өнім беруші қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда;

5) шарт жасасуға негіз болған сатып алуға қатысты осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;

6) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;

7) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;

8) өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;

9) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша. Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға



байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11 Даулы мәселелерді шешу**

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **12 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

12.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаларға төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.2 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.3 Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа тараптың өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандыратын пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.4 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.5 Жазбаша хабарламада Тарап пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен халықаралық талаптарды бұзатын іс-әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын, контрагенттің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы актілер.

12.6 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

## **13 Өзге де шарттар**

Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

13.3 Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі жағдайында жасалған шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі. Бұл ретте, егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарды шетелдік шығарылған тауарлармен ауыстыруға жол берілмейді.

13.4 Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

13.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Ескертпе: Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттемелерді орындау бойынша өнім берушіге қойылатын талаптарды және (немесе) шарттарды белгілеуіне жол берілмейді.

## 14 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
г.Алматы, Медеуский район, Сапара Байжанова, 100  
БСН 190240003652  
БСК ККМФКZ2A  
ЖСК KZ32070102KSN6001000  
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ  
Тел.: 7 727 264 13 64  
Басшысы Алиев Мейрамбек Манарбекович

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):

Аиша  
г.Алматы, Алатауский район, д. 46/5, корпус 3  
БСН/ЖСН 810528401361  
БСК КСJBKZKX  
ЖСК KZ268562204150490802  
"Банк ЦентрКредит" АҚ  
Тел.: 7 705 443 56 20  
Басшысы Биримкулова Карлыгаш Токенқызы

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК - банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;  
ҚҚС - қосылған құн салығы;  
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:

Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
<b>020-015-149</b> : Өзге де қорларды сатып алу							Өзге де қорларды сатып алу: елек, аспаз пышағы, картоп пюресі және т. б.					
	Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Елек	алюминийден жасалған	Дана	5	1 723.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (5)	0	8 615.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Арнайы машина	көкөністерді кесуге арналған	Дана	2	8 619.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (2)	0	17 238.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Пышақ	асүйлік	Дана	20	6 895.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (20)	0	137 900.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Мәңгі қайнатушы	металлдан	Дана	4	30 171.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (4)	0	120 684.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Тәрелке	пластиктен жасалған, орташа, диаметрі 100-150 мм	Дана	400	774.00	шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде	шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (400)	0	309 600.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шан	тұрмыстық, мырышталған болаттан, көлемі 42-50 л	Дана	2	18 102.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (2)	0	36 204.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қасық	порциялық, болаттан жасалған	Дана	2	5 171.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (2)	0	10 342.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қасық	асхана, болаттан жасалған	Дана	400	947.00	шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде	шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (400)	0	378 800.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шан	тұрмыстық, мырышталған болаттан, көлемі 21-32 л	Дана	2	8 619.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (2)	0	17 238.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Салат салатын ыдыс	көп реттік, пластик	Дана	400	774.00	шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде	шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (400)	0	309 600.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шөміш	алюминдық	Дана	10	3 016.00	шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде	шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (10)	0	30 160.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Үккіш	болат	Дана	10	5 171.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (10)	0	51 710.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Пышақ	асүйлік	Дана	20	10 343.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (20)	0	206 860.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қасық	құятын, алюминийден жасалған	Дана	4	5 171.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (4)	0	20 684.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Картопезгіш	тот баспайтын болаттан	Дана	8	4 309.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (8)	0	34 472.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қасық	шайханалық, болаттан жасалған	Дана	100	654.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы 03/12 (100)	0	65 400.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шара	пластикалы, сыйымдылығы 15 л	Дана	20	4 309.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы проспект Достық, 103/12 (20)	0	86 180.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Пышақ	асүйлік	Дана	20	13 792.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (20)	0	275 840.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шелек	жылтырланған болаттан жасалған, көлемі 7-15 л	Дана	10	6 895.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (10)	0	68 950.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Кәрзеңке	нан-тоқаш өнімдеріне арналған, пластиктен жасалған	Дана	50	1 723.00	шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде	шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (50)	0	86 150.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Кепсер	тот баспайтын болаттан	Дана	10	3 447.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (10)	0	34 470.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Турайтын тақтай	ағаш	Дана	25	6 033.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (25)	0	150 825.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шара	пластикалы, сыйымдылығы 10 л	Дана	10	3 447.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (10)	0	34 470.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шара	пластикалы, сыйымдылығы 10 л	Дана	10	2 585.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (10)	0	25 850.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Саптыаяқ	пластиктен жасалған, сыйымдылығы 500 см3-тан кем	Дана	400	861.00	шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде	шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 15 күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (400)	0	344 400.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Шайнек	болаттан жасалған, сыйымдылығы 2 л	Дана	30	4 567.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (30)	0	137 010.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Елек	алюминийден жасалған	Дана	20	4 309.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (20)	0	86 180.00	



Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Оқтау	ағаш	Дана	2	2 585.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (2)	0	5 170.00	
Алматы қаласы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "Алатау" әлеуметтік қызмет орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Сотейник	болаттан жасалған	Дана	2	10 343.00	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Медеу ауданы Достық даңғылы, 103/12 (2)	0	20 686.00	



## Договор о государственных закупках товаров

г.Алматы

№190240003652/260045/00

2026-01-27

Коммунальное государственное учреждение "Центр социальных услуг "Алатау" Управления занятости и социальных программ города Алматы, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Директор Алиев Мейрамбек Манарбекович, действующий на основании Устава, с одной стороны и Аиша, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Биримкулова Карлыгаш Токенкызы, действующий на основании талон, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании статьи 10 Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года «О государственных закупках» (далее - Закон), государственных закупок способом «Электронный магазин» заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 020-015-149 Приобретение прочих запасов:сито, нож поварской, картофелемялка и т.д.;

